**Шығындарды өтеу туралы келісім**

қаласы \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ жыл

Бұдан әрі "Ұлттық институт "деп аталатын "QazIndustry" Қазақстандық индустрия

және экспорт орталығы" акционерлік қоғамы, атынан

\_\_\_\_\_ , негізінде әрекет ететін

\_\_\_\_\_ ,

бір

жағынан,

және \_\_\_\_\_

(өтініш берушінің толық атауы)

бұдан әрі "Өтініш беруші" деп аталатын

\_\_\_\_\_ ,



(негізінде әрекет ететін басшының лауазымы, тегі, аты, әжесінің аты (бар болса) \_\_\_\_\_,

екінші тараптан, бірлесіп "Тараптар", ал әрқайсысы жеке алғанда "Тарап" деп аталатындар өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектілерінің еңбек өнімділігін

арттыруға бағытталған өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру шараларын ұсыну

қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) негізінде төмендегілер туралы осы

Шығындарды өтеу туралы келісімді (бұдан әрі – Келісім) жасасты:

#### 1. Келісімнің мәні

1. Ұлттық институт Қағидалар шеңберінде мемлекеттік ынталандыру шараларын

ұсынуға

міндеттенеді"

" \_\_\_\_\_ "

*(мемлекеттік ынталандыру шараларының атауы)*

шығындарды

өтеу

түрінде \_\_\_\_\_

*(шығындар түрі)*

сомада

\_\_\_\_\_ теңге

*(сомасы жазумен)*

өтінімге сәйкес толық көлемде, ал өтініш беруші осы Келісімнің 5-тармағының 3) тармақшасына сәйкес мемлекеттік ынталандыру шараларының нысаналы индикаторларына қол жеткізеді.

2. Өтініш беруші шығындарды өтеу шеңберінде шетел валютасындағы шығыстарды растайтын құжаттарды ұсынған жағдайда, шығындарды өтеу сомасы өтініш берушінің орындаушыға көрсетілген қызметтер (орындалған жұмыстар) үшін ақы төлеу күніне немесе шетелдік қызметкерлерді тартқан кезде жалақы төлеу күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің валюта бағамы негізге алына отырып есептеледі.

3. Ағымдағы шотта мемлекеттік ынталандыру шараларын ұсыну үшін қажетті ақша қаражаты жеткіліксіз болған жағдайда, шығындарды өтеуді ұлттық институт бюджеттік бағдарламалар әкімшісінен қаражат түскенге дейін тоқтата тұрады. Бұл ретте ұлттық институт өтініш берушіні Қағидаларда белгіленген мерзімдерде хабардар етеді.

#### 2. Тараптардың міндеттемелері

4. Ұлттық институт міндеттенеді:

1) Келісімді орындауға елеулі әсер етуі мүмкін Қағидаларды іске асыруға байланысты барлық өзгерістер туралы өтініш берушіні хабардар ету;

2) осы Келісімге қол қойылған күннен кейін екі жыл ішінде мемлекеттік ынталандыру шараларының іске асырылуына мониторинг жүргізу.

5. Өтініш беруші міндеттенеді:

1) ұлттық институтқа одан әрі мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органға жіберу үшін бастапқы статистикалық деректерді уәкілетті органға және өтелетін шығындар бойынша көрсетілген қызметтер (орындалған жұмыстар) актісіне (актілеріне) қол қойылған күннен кейін 2 (екі) жыл бұрын, 2 (екі) жыл және ұлттық институт мемлекеттік ынталандыру шараларын іске асыру мониторингін жүргізу мақсатында келісімге қол қойылғаннан кейін 2 (екі) жыл бұрын деректерді қоса алғанда, ұлттық институтқа таратуға келісім берілсін. Өтініш беруші Шығындарды өтеу туралы келісімге қол қойған ұлттық институтқа түскен күн Шығындарды өтеу туралы келісім жасалған күн болып есептеледі. Алғашқы статистикалық деректерді таратуға келісім нысаны осы Келісімге қосымшада келтірілген;

2) мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органның бастапқы статистикалық деректері негізінде ұлттық институттың жазбаша сұрау салуын алған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде мониторинг жүргізу үшін қажетті деректерді ұсыну;

3) қол жеткізу нысаналы индикаторлар шығындарды өтеу туралы келісім жасалған кезден бастап екі жыл ішінде мемлекеттік ынталандыру шаралары, атап айтқанда, осы Келісімнің 1-тармағына сәйкес кәсіпорынның өнімді өткізуден және қызметтер көрсетуден түсетін кірістерінің көлемін мемлекет салған сомадан кемінде 2 (екі) есе ұлғайту;

4) ұлттық институттың жазбаша сұрау салуына сәйкес ұлттық институттан оны алған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде мемлекеттік ынталандыру шарасының іске асырылу барысы туралы ақпаратты мемлекеттік ынталандыру шарасы бойынша нысаналы индикаторға қол жеткізілмеген жағдайда осы тармақтың 3) тармақшасына сәйкес ұсыну;

5) Келісім шарттары бұзылған жағдайда, шығындарды өтеу түрінде ұлттық институт берген ақшалай қаражатты ұлттық институттан тиісті хабарлама алған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде қол жеткізілген нысаналы индикаторларға пропорционалды түрде қайтаруды қамтамасыз ету.

6) мемлекеттік ынталандыру шараларын іске асыру шеңберінде ұсынылған ақпараттың, бастапқы деректердің, есептердің, негіздемелердің толықтығын, уақтылығын және анықтығын қамтамасыз ету.

**3. Тараптардың құқықтары**

6. Ұлттық институт құқылы:

1) мемлекеттік ынталандыру шарасы бойынша нысаналы индикаторға қол жеткізілмеген жағдайда мемлекеттік ынталандыру шарасының іске асырылу барысы туралы, сондай-ақ мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органның бастапқы статистикалық деректері мемлекеттік ынталандыру шарасының іске асырылуына мониторинг жүргізу үшін өтініш берушіден ақпарат сұрату;

2) осы Келісімнің шарттары бұзылған жағдайда, осы Келісімді біржақты тәртіппен бұзу және шығындарды өтеу түрінде мемлекеттік ынталандыруға қарай берілген ақшалай қаражатты қайтаруды талап ету.

#### 4. Тараптардың жауапкершілігі

7. Ұлттық институт жауапты:

1) мемлекеттік ынталандыру шараларын іске асыру шеңберінде берілген ақпараттың толықтығы, уақтылығы және дұрыстығы;

2) мемлекеттік ынталандыру шараларын уақтылы бергені үшін.

8. Өтініш беруші жауапты:

1) мемлекеттік ынталандыру шараларын іске асыру шеңберінде ұсынылған ақпараттың, бастапқы деректердің, есептердің, негіздемелердің толықтығы, уақтылығы және анықтығы;

2) осы Келісімнің 5-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген мемлекеттік ынталандыру шараларының нысаналы индикаторына қол жеткізу;

3) осы Келісімнің шарттары бұзылған жағдайда шығындарды өтеу түрінде мемлекеттік ынталандыру шарасы бойынша берілген ақшалай қаражатты уақтылы қайтару.

#### 5. Құпиялылық

9. Осы Келісімнің шарттарына қатысты ақпарат, банктік құпия, сондай-ақ Тараптар осы Келісімді жасасу және орындау барысында алған қаржылық, коммерциялық және өзге де ақпарат құпия болып табылады және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, үшінші тұлғаларға жария етуге жатпайды.

Банк құпиясы "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 50-бабының 4-тармағына сәйкес ашылуы мүмкін.

Өтініш берушінің атауына және мемлекеттік ынталандыру шараларына, жүргізілген өтеу сомасына қатысты ақпарат құпия ақпаратқа жатпайды.

10. Тараптар осы Келісімнің құпиялылығын сақтау үшін барлық қажетті, оның ішінде құқықтық сипаттағы шараларды қабылдайды. Тараптардың

лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері осы Келісімді іске асыру барысында алынған мәліметтерді жария етуге не үшінші тұлғаларға беруге жол берілмейді.

11. Осы Келісімнің талаптарын бұза отырып, Тараптардың кез келгені құпия ақпаратты жария еткен не таратқан жағдайда, кінәлі Тарап осындай ақпаратты жария ету салдарынан екінші Тарап шеккен ықтимал залалдарды өтей отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауаптылықта болады.

#### **6. Еңсерілмейтін күш жағдайлары**

12. Тараптар міндеттемелерді ішінара немесе толық орындамағаны үшін, сондай-ақ олардың орындалуын кідірткені үшін, егер бұлар еңсерілмейтін күштің (дүлей зілзаланың немесе көздеу немесе алдын алу мүмкін емес өзге де мән-жайлардың), сондай-ақ келісім шарттарын орындамауға немесе тиісінше орындамауға әкеп соғатын соғыс қимылдарының, ереуілдердің және өзге де төтенше жағдайлардың салдары болып табылса, жауапкершіліктен босатылады.

13. Еңсерілмес күш мән-жайларына сілтеме жасайтын тарап 3 (үш) жұмыс күні ішінде екінші тарапқа еңсерілмес күш мән-жайларының басталғаны туралы да, аяқталғаны туралы да хабарлауға міндетті.

14. Егер тараптардың бірі еңсерілмес күш мән-жайлары туындаған күннен бастап күнтізбелік алпыс күн ішінде келісім бойынша өз міндеттемелерін орындай алмайтын жағдайда болса, екінші тараптың бұл туралы бірінші тарапты келісім бұзылған күнге дейін он жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар ете отырып, Келісімді бұзуға құқығы бар.

#### **7. Даулы мәселелерді шешу**

15. Ұлттық институт пен өтініш беруші Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктерді немесе дауларды тікелей келіссөздер процесінде шешуге барлық күш-жігерін жұмсауға тиіс.

16. Егер келіссөздер нәтижесінде ұлттық институт пен өтініш беруші дауды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені дауды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы сотының қарауына береді.

#### **8. Қорытынды ережелер**

17. Осы Келісім Тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді және оған қол қойылған күннен бастап 2 (екі) жыл бойы қолданылады.

18. Осы Келісімге енгізілетін барлық өзгерістер мен толықтырулар оларды жазбаша түрде ресімдеген және кейіннен осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын барлық Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған кезде жарамды болады.

19. Деректемелер (заңды мекенжайлар, шот нөмірі) өзгерген жағдайда Тараптар бір-біріне дереу хабарлайды.

20. Егер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында өзгеше көзделмесе, Тараптар осы Келісімді басшылыққа алады.

21. Осы Келісім әрбір тарап үшін бір-бірден бірдей заңды күші бар екі данада жасалды.

### 9. Тараптардың заңды мекенжайлары мен деректемелері

Ұлттық институт: "QazIndustry" Қазақстандық индустрия және экспорт орталығы" акционерлік қоғамы	Өтініш беруші _____ _____
Мекенжайы: тел / факс: БСН ЖСН БСК _____ (бірінші басшының/немесе уәкілетті тұлғаның лауазымы)	Мекенжайы: тел/факс: БСН / ЖСН ЖСН БСК _____ (бірінші басшының лауазымы)
_____ (Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)) Мөр орны (болған жағдайда)	_____ (Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)) Мөр орны (болған жағдайда)

#### Ескертпе:

БСН - бизнес сәйкестендіру нөмірі;

ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;

ЖСК - жеке сәйкестендіру коды;

БСК - банктік сәйкестендіру коды.

Шығындарды өтеу туралы  
келісімге қосымша  
Нысан

Алғашқы статистикалық деректерді таратуға келісім (Өтініш берушінің бланкісінде толтырылады (бар болса))

**Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 06.03.2024 № 91 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейінгі күнтізбелік алшыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

\_\_\_\_\_ атынан

(өтініш берушінің толық атауы, БСН)

\_\_\_\_\_,  
(басшының немесе уәкілетті тұлғаның ТАӘ және лауазымы)

негізінде әрекет ететін, индустриялық-инновациялық даму саласындағы уәкілетті органға (Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігіне) және ұлттық институтқа ("QazIndustry" қазақстандық индустрия

және экспорт орталығы" акционерлік қоғамына) алғашқы статистикалық деректерді ашуға келісім береді:

1 – ПФ – Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметі туралы есеп;

1-Т – Еңбек жөніндегі есеп;

2 – МП – (шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін) - Шағын кәсіпорынның қызметі туралы есеп;

кезең: 20\_\_ жылғы \_\_ тоқсаннан бастап 20\_\_ жылғы \_\_ тоқсанды қоса алғанда, тоқсан сайынғы негізде.

көрсеткіштер бойынша:

1-ПФ нысаны:

1-бөлім бойынша "Негізгі және қайталама қызмет түрлері бөлінісінде өндірілген өнім мен көрсетілген қызмет көлемі туралы ақпаратты көрсетіңіз, мың теңге"

Жол коды	Көрсеткіштердің атауы	Есепті тоқсан үшін
А	Б	1
1	Өндірілген өнімнің, орындалған жұмыстардың және көрсетілген қызметтердің көлемі	

2-бөлім бойынша "Негізгі және қайталама қызмет түрлері бөлінісінде кәсіпорынның шығыстары туралы ақпаратты көрсетіңіз, мың теңге"

Жол коды	Көрсеткіштердің атауы	Есепті тоқсан үшін
А	Б	1
1	Материалдық шығындар	
6.3	Жалдау ақысы	
6.4	Бөгде ұйымдар орындаған өндірістік емес сипаттағы қызметтер	
6.5	Басқа шығындар	

3-бөлім бойынша "Негізгі және қайталама қызмет түрлері бөлінісінде кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижесін көрсетіңіз, мың теңге"

Жол коды	Көрсеткіштердің атауы	Есепті тоқсан үшін
А	Б	1
1	Өнімді сатудан және қызмет көрсетуден түскен табыс	
2	Сатылған өнім мен көрсетілген қызметтердің өзіндік құны	
3	Жалпы пайда	

1-Т нысаны:

2-бөлім бойынша "Қызметкерлердің саны және жалақы қоры туралы деректерді көрсетіңіз"

Жол коды	Көрсеткіштердің атауы	Есепті тоқсан үшін
А	Б	1
1	Есепті кезеңдегі қызметкерлердің тізімдік саны – барлығы, адам	
1.1	оның ішінде негізгі қызмет персоналы	
2	Қызметкерлердің нақты саны (жалақыны есептеу үшін қабылданатын), адам	
2.1	оның ішінде негізгі қызмет персоналы	

2-МП нысаны:

1-бөлім бойынша "Қызметкерлердің санын, адамды көрсетіңіз"

Жол коды	Көрсеткіштердің атауы	Есепті кезеңде
А	Б	1
1	Қызметкерлердің есепті кезеңдегі орташа тізімдік саны	
4	Қызметкерлердің жиыны	
5	Қызметкерлердің нақты саны (орташа жалақыны есептеу үшін қабылданады)	

2-бөлім бойынша "Өндірілген өнімнің көлемі, орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтер, өнімді сатудан және қызмет көрсетуден түскен табыс туралы ақпаратты көрсетіңіз, мың теңге"

Жол коды	Көрсеткіштердің атауы	Есепті тоқсан үшін
А	Б	1
1	Барлығы	

3-бөлім бойынша "Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижесін көрсетіңіз, мың теңге"

Жол коды	Көрсеткіштердің атауы	Есепті тоқсан үшін
А	Б	1
1	Өнімді сатудан және қызмет көрсетуден түскен табыс	
2	Сатылған өнім мен көрсетілген қызметтердің өзіндік құны	
3	Жалпы пайда	





				туралы шешім қабылданған күн	қатысуы			
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Атауы

(респондент)

\_\_\_\_\_ Мекенжай  
(респондент) \_\_\_\_\_

Басшы немесе оның міндеттерін орындайтын тұлға:

\_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (болған жағдайда), қолы

Орындаушы: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ тегі, аты және әкесінің аты (болған жағдайда), қолы  
Орындаушының телефон нөмірі, электрондық адресі: \_\_\_\_\_

Күні: 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

Ескертпе: толтыру бойынша түсіндірме әкімшілік деректерді жинауға арналған "Еңбек

өнімділігін арттыруға бағытталған мемлекеттік ынталандыру шараларын іске асыру

өнеркәсібін дамыту саласындағы ұлттық институттың есебі" осы нысанға қосымшада

келтірілген.

"Өнеркәсіпті дамыту  
саласындағы ұлттық  
институттың мемлекеттік  
шараларды іске асыру туралы  
есебі" әкімшілік деректерді  
жинауға арналған нысанға  
қосымша

**"Өнеркәсіпті дамыту саласындағы ұлттық институттың еңбек өнімділігін арттыруға бағытталған мемлекеттік ынталандыру шараларын іске асыру туралы есебі" нысанын толтыру бойынша түсіндірме**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы нысан Қағидаларда көзделген мемлекеттік ынталандыру шараларын іске асыру мониторингін іске асыру мақсатында әзірленді.

2. Толтырылған Нысанды "QazIndustry" Қазақстандық индустрия және экспорт орталығы" акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігіне тоқсан сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірмей ұсынады.

3. Көрсеткіштер ағымдағы есепті кезеңнің бірінші күніне нақты деректер бойынша қалыптастырылады.

4. Нысанға бірінші басшы, ал ол болмаған жағдайда – оның міндетін атқарушы адам қол қояды.

#### 2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. Нысанның 1-бағанында реттік нөмірі көрсетіледі.

6. Нысанның 2-бағанында Қағидалар шеңберінде мемлекеттік ынталандыру шараларын алған кәсіпорынның атауы көрсетіледі.

7. Нысанның 3-бағанында Қағидалар шеңберінде берілген мемлекеттік ынталандыру шараларының атауы көрсетіледі.

8. Нысанның 4-бағанында өтінімнің келіп түскен күні көрсетіледі.

9. Нысанның 5-бағанында мемлекеттік ынталандыру шараларын ұсыну туралы шешім қабылданған күн көрсетіледі.

10. Нысанның 6-бағанында өтініш берушінің жеке қатысу сомасы көрсетіледі.

11. Нысанның 7-бағанында мемлекеттік ынталандыру сомасы көрсетіледі.

12. Нысанның 8-бағанында есепті күнге қаржыландырылған сома көрсетіледі.

13. Нысанның 9-бағанында ағымдағы жай-күйі көрсетіледі.

Өнеркәсіптік-инновациялық  
қызмет субъектілерінің еңбек  
өнімділігін арттыруға  
бағытталған өнеркәсіпті  
мемлекеттік ынталандыру  
шараларын ұсыну қағидаларына  
8-қосымша

**Ескерту. Қағидалар 8-қосымшамен толықтырылды - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 04.12.2023 № 105 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Шетелде жұмыскерлердің құзыретін арттыруға арналған шығыстарды аванстау" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын тізбесі		
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	"QazIndustry" Қазақстандық экспорт орталығы" акционерлік қоғамы әрі – көрсетілетін қызметті беруші
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	1) "электрондық үкіметтің" порталы әрі – портал) 2) көрсетілетін қызметті беруші

3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	14 (он төрт) жұмыс күні
4	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Электрондық (ішінара авт) қағаз түрінде
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Осы мемлекеттік қызмет көрсету негізгі талаптардың тізбесіне көзделген жағдайларда және шығындарды өтеу туралы мемлекеттік қызмет көрсету тарту. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық/қағаз т
6	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Тегін
7	Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі	1) порталда – жөндеу жұмысы бойынша байланысты техникалық үзілістер тәулік бойы (көрсетілетін қызметтің жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін) Республикасының Еңбек кодексі (Кодекс) сәйкес демалыс және мерекелік күндері жүрген кезде өтінім мен құжаттар және мемлекеттік қызмет көрсету беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады. 2) көрсетілетін қызметті берушінің сәйкес демалыс және мерекелік күндері дүйсенбіден бастап жұманың 12:30-дан 14:30-ға дейінгі уақытында және 8:30-дан 17:30-ға дейін алдымен және жеделдетілген қызметтің кезінде күту тәртібінде.
8	Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі	Инженерлік-техникалық персоналды, оның ішінде шетелде оның ішінде шетелде еңбек және/немесе Индустрия 4.0 (элементтерін) енгізу мәселесін кәсіптік даярлауға және/немесе және/немесе біліктілігін арттыру жұмыскерлердің құзыретін арттыру шығыстарды аванстау кезінде 1-кезең: 1) қағидаларға 1-қосымша бойынша көрсетілетін қызметтің 2) басым тауарлар тізбесіне өндірісін растайтын тағыл қолданылатын құжаттардың "KZ" нысанындағы тауардың сертификат және/немесе сертификат);

		<p>3) инженерлік-техникал персоналды, оның ішінде өтініш берушіні кәсіптік даяр қайта даярлауға және/немесе арттыруға жіберу туралы бұйрық;</p> <p>4) көрсетілетін қызметті алуға жеке басын куәландыру құжаттарының көшірмесі;</p> <p>5) жоғары білімді растау құжаттарының көшірмесі;</p> <p>6) тағылымдамаға қабылдануға шақыру қауыптамасы немесе ұйымнан шығу қауыптамасының көшірмесі;</p> <p>7) тағылымдамаға қабылдауға қабылдану туралы тұлғаның тіркелгенін растау құжаттарының көшірмесі;</p> <p>2-кезең:</p> <p>1) қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген тәртіп бойынша Орындаушының (Жұмыстарды орындау) бойынша өтініш берушінің өтінішіне қатысты;</p> <p>2) кәсіптік даярлау және/немесе біліктілігін растау және/немесе сертификаттың көшірмесі);</p> <p>3) іссапарға жіберу орнына қатысты тұрақты жұмыс орнына шығыстарын ("экономикалық жағынан" бойынша авиабилеттер, қонақ үйлер, қажетті құжаттардың көшірмелері);</p> <p>4) жұмыскердің тағылымдамаға түру құнын растайтын құжаттарының көшірмелері (бірақ алты стандарт сыныптамасы бойынша – нақты шығындарының ішінде осы шығыстарды растау болған кезде тәуліктік шығыстарының броньдау жөніндегі шығыстары);</p>
9	Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	<p>1) көрсетілетін қызметті алуға қажетті құжаттардың және/немесе олардың (мәліметтердің) анық еместігі;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алуға қажетті ұсынылған объектілердің, деректер мен құжаттардың Қағидаларда белгіленген талаптарға келмеуі;</p> <p>3) осы Қағидалардың 3-тармағында көрсетілген өнеркәсіптік-инновациялық болып табылады.</p>
10	Мемлекеттік, оның ішінде электрондық	Көрсетілетін қызметті алуға қажетті құжаттардың және/немесе олардың (мәліметтердің) анық еместігі;

	<p>нысанда және мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін қызметті көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар</p>	<p>цифрлық қолтаңбасы бар мемлекеттік көрсетілетін арқылы электрондық нысандар бар.</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету мекенжайлары иелену орналастырылған:</p> <p>1) Қазақстан Республикасының құрылыс министрлігінің "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөліміне: <a href="http://memleket/entities/miid?lang=ru">memleket/entities/miid?lang=ru</a></p> <p>2) Қазақстан Республикасының құрылыс министрлігі Өнеркәсіп және сауда департаментінің "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөліміне: <a href="http://www.gov.kz/memleket/entities">www.gov.kz/memleket/entities</a></p> <p>3) қызмет берушінің – <a href="http://www.c">www.c</a></p> <p>4) порталдың <a href="http://www.egov.kz">www.egov.kz</a>.</p> <p>Мемлекеттік қызметтер көрсету жөніндегі бірыңғай байлау телефоны: 1414, 8-800-080-7777.</p>
--	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

Өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектілерінің өнімділігін арттыруға бағытталған өнеркәсіп мемлекеттік ынталанған шараларын ұсыну қағида 9-қосымша

**Шетелде құзыретін арттыруға арналған шығыстарды аванстау туралы келісім**

**Ескерту. Қағидалар 9-қосымшамен толықтырылды - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 04.12.2023 № 105 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

\_\_\_\_\_ қаласы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ 20\_\_ жыл

Бұдан әрі "Ұлттық институт" деп аталатын "QazIndustry" Қазақстандық индустрия және экспорт орталығы" акционерлік қоғамы, атынан

\_\_\_\_\_, негізінде әрекет ететін

\_\_\_\_\_, бір жағынан,

және \_\_\_\_\_,

(өтініш берушінің толық атауы)  
бұдан әрі "Өтініш беруші" деп аталатын

---

\_\_\_\_\_ ,  
(негізінде әрекет ететін басшының лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

екінші тараптан, бірлесіп "Тараптар", ал әрқайсысы жеке алғанда "Тарап" деп аталатындар

өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектілерінің еңбек өнімділігін арттыруға бағытталған

өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру шараларын ұсыну қағидаларының (бұдан әрі –

Қағидалар) негізінде төмендегілер туралы осы Шетелде құзыретін арттыруға арналған

шығыстарды аванс беру туралы келісімді (бұдан әрі – Келісім) жасасты:

#### 1. Келісімнің мәні

1. Ұлттық институт Қағидалар шеңберінде мемлекеттік ынталандыру шараларын

ұсынуға

міндеттенеді

"

"

(мемлекеттік ынталандыру шараларының атауы)

іссапарға баратын жерге және тұрақты жұмыс орнына бір рет қайтатын көлік шығыстарының

50 % мөлшерінде және тұруға арналған шығыстарының 50 % мөлшерінде шығыстарды

аванстау түрінде сомада

---

\_\_\_\_\_ теңге

(сомасы жазумен)

өтінімге сәйкес толық көлемде, ал өтініш беруші осы Келісімнің 5-тармағының

3)-тармақшасына сәйкес мемлекеттік ынталандыру шараларының нысаналы индикаторларына қол жеткізеді.

2. Өтініш беруші іссапар орнына көлік шығыстарын және тұрақты жұмыс орнына бір рет және тұруға арналған шығыстарды, шетел валютасындағы соманы аванстау шеңберінде көрсеткен жағдайларда шығыстарды аванстау сомасы өтініш беруші орындаушыға Келісім ұсынған күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің валюта бағамы негізге алына отырып есептеледі.

3. Ағымдағы шотта мемлекеттік ынталандыру шараларын ұсыну үшін қажетті ақша қаражаты жеткіліксіз болған жағдайда, шығыстарды аванстауды ұлттық институт бюджеттік бағдарламалар әкімшісінен қаражат түскенге дейін тоқтата тұрады. Бұл ретте ұлттық институт өтініш берушіні Қағидаларда белгіленген мерзімдерде хабардар етеді.

## 2. Тараптардың міндеттемелері

### 4. Ұлттық институт міндеттенеді:

1) Келісімді орындауға елеулі әсер етуі мүмкін Қағидаларды іске асыруға байланысты барлық өзгерістер туралы өтініш берушіні хабардар ету;

2) осы Келісімге қол қойылған күннен кейін екі жыл ішінде мемлекеттік ынталандыру шараларының іске асырылуына мониторинг жүргізу.

### 5. Өтініш беруші міндеттенеді:

1) ұлттық институтқа одан әрі мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органға жіберу үшін бастапқы статистикалық деректерді уәкілетті органға және аванстық шығыстар бойынша көрсетілген қызметтер (орындалған жұмыстар) актісіне (актілеріне) қол қойылғаннан кейін 2 (екі) жыл бұрын, 2 (екі) жыл және ұлттық институт мемлекеттік ынталандыру шараларын іске асыру мониторингін жүргізу мақсатында келісімге қол қойылғаннан кейін 2 (екі) жыл бұрын деректерді қоса алғанда, ұлттық институтқа таратуға келісім берілсін. Өтініш беруші Шығыстарды аванстау туралы келісімге қол қойған ұлттық институтқа түскен күн Шығыстарды аванстау туралы келісім жасалған күн болып есептеледі. Алғашқы статистикалық деректерді таратуға келісім нысаны осы Келісімге қосымшада келтірілген;

2) мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органның бастапқы статистикалық деректері негізінде ұлттық институттың жазбаша сұрау салуын алған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде мониторинг жүргізу үшін қажетті деректерді ұсыну;

3) осы Келісімнің 1-тармағына сәйкес, тағылымдама аяқталған сәттен бастап екі жыл ішінде шетелде құзыретін арттыруға арналған шығыстарды аванстау туралы келісім жасасқаннан кейін мемлекеттік ынталандыру шараларының нысаналы индикаторларына қол жеткізу, атап айтқанда, осы Келісімнің 1-тармағына сәйкес өнімді өткізуден және қызмет көрсетуден кәсіпорын табысының көлемін мемлекет салған сомадан кемінде 2 (екі) есе ұлғайту;

4) ұлттық институттың жазбаша сұрау салуына сәйкес ұлттық институттан оны алған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде мемлекеттік ынталандыру шарасының іске асырылу барысы туралы ақпаратты мемлекеттік ынталандыру шарасы бойынша нысаналы индикаторға қол жеткізілмеген жағдайда осы тармақтың 3) тармақшасына сәйкес ұсыну;

5) Келісім шарттары бұзылған жағдайда, шығыстарды аванстау түрінде ұлттық институт берген ақшалай қаражатты ұлттық институттан тиісті хабарлама алған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде қол жеткізілген нысаналы индикаторларға пропорционалды түрде қайтаруды қамтамасыз ету. Ақшалай қаражаттың қайтарылуын қамтамасыз ету үшін қызметкерді кәсіптік даярлауға және/немесе қайта даярлауға және/немесе біліктілігін арттыруға жіберген кәсіпорын басшысы (Өтініш беруші) кепіл болады, бұл нотариалды расталады.

6) тағылымдама аяқталған және тұрақты жұмыс орнына қайта оралған күннен бастап күнтізбелік жиырма күн ішінде ұлттық институтқа өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектілерінің еңбек өнімділігін арттыруға бағытталған өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру шараларын ұсыну қағидаларына 8-қосымшаның 8-тармағының 2-кезеңінде көзделген құжаттарды ұсынсын.

7) шетелде қызметкердің іссапарға жіберу орнына және тұрақты жұмыс орнына қайту орнына қызметкердің көлік шығыстарын аванстау түрінде алынған ақшалай қаражатты және тағылымдама мерзімі ішінде (алты айдан аспайтын) жұмыскердің тұру шығыстарын шетелде, Ұлттық институтта жұмыскердің құзыретін арттыруға жұмсалған нақты шығындарға қатысты авансталатын сомадан асқан жағдайда Ұлттық институттан қорытынды алған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде қайтаруды қамтамасыз ету;

8) мемлекеттік ынталандыру шараларын іске асыру шеңберінде ұсынылған ақпараттың, бастапқы деректердің, есептердің, негіздемелердің толықтығын, уақтылығын және анықтығын қамтамасыз ету.

### **3. Тараптардың құқықтары**

#### **6. Ұлттық институт құқылы:**

1) мемлекеттік ынталандыру шарасы бойынша нысаналы индикаторға қол жеткізілмеген жағдайда мемлекеттік ынталандыру шарасының іске асырылу барысы туралы, сондай-ақ мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органның бастапқы статистикалық деректері мемлекеттік ынталандыру шарасының іске асырылуына мониторинг жүргізу үшін өтініш берушіден ақпарат сұрату;

2) осы Келісімнің шарттары бұзылған жағдайда, осы Келісімді біржақты тәртіппен бұзу және шығыстарды аванстау түрінде мемлекеттік ынталандыруға қарай берілген ақшалай қаражатты қайтаруды талап ету.

### **4. Тараптардың жауапкершілігі**

#### **7. Ұлттық институт жауапты:**

1) мемлекеттік ынталандыру шараларын іске асыру шеңберінде берілген ақпараттың толықтығы, уақтылығы және дұрыстығы;



2) мемлекеттік ынталандыру шараларын уақтылы бергені үшін.

8. Өтініш беруші жауапты:

1) мемлекеттік ынталандыру шараларын іске асыру шеңберінде ұсынылған ақпараттың, бастапқы деректердің, есептердің, негіздемелердің толықтығы, уақтылығы және анықтығы;

2) осы Келісімнің 5-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген мемлекеттік ынталандыру шараларының нысаналы индикаторына қол жеткізу;

3) осы Келісімнің шарттары бұзылған жағдайда шығыстарды аванстау түрінде мемлекеттік ынталандыру шарасы бойынша берілген ақшалай қаражатты уақтылы қайтару.

#### **5. Құпиялылық**

9. Осы Келісімнің шарттарына қатысты ақпарат, банктік құпия, сондай-ақ Тараптар осы Келісімді жасасу және орындау барысында алған қаржылық, коммерциялық және өзге де ақпарат құпия болып табылады және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, үшінші тұлғаларға жария етуге жатпайды.

Банк құпиясы "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 50-бабының 4-тармағына сәйкес ашылуы мүмкін.

Өтініш берушінің атауына және мемлекеттік ынталандыру шараларына, аванстық шығыстардың сомасына қатысты ақпарат құпия ақпаратқа жатпайды.

10. Тараптар осы Келісімнің құпиялылығын сақтау үшін барлық қажетті, оның ішінде құқықтық сипаттағы шараларды қабылдайды. Тараптардың лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері осы Келісімді іске асыру барысында алынған мәліметтерді жария етуге не үшінші тұлғаларға беруге жол берілмейді.

11. Осы Келісімнің талаптарын бұза отырып, Тараптардың кез келгені құпия ақпаратты жария еткен не таратқан жағдайда, кінәлі Тарап осындай ақпаратты жария ету салдарынан екінші Тарап шеккен ықтимал залалдарды өтей отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауаптылықта болады.

#### **6. Еңсерілмейтін күш жағдайлары**

12. Тараптар міндеттемелерді ішінара немесе толық орындамағаны үшін, сондай-ақ олардың орындалуын кідірткені үшін, егер бұлар еңсерілмейтін күштің (дүлей зілзаланың немесе көздеу немесе алдын алу мүмкін емес өзге де мән-жайлардың), сондай-ақ келісім шарттарын орындамауға немесе тиісінше орындамауға әкеп соғатын соғыс қимылдарының, ереуілдердің және өзге де төтенше жағдайлардың салдары болып табылса, жауапкершіліктен босатылады.

13. Еңсерілмес күш мән-жайларына сілтеме жасайтын тарап 3 (үш) жұмыс күні ішінде екінші тарапқа еңсерілмес күш мән-жайларының басталғаны туралы да, аяқталғаны туралы да хабарлауға міндетті.

14. Егер тараптардың бірі еңсерілмес күш мән-жайлары туындаған күннен бастап күнтізбелік алпыс күн ішінде келісім бойынша өз міндеттемелерін орындай алмайтын жағдайда болса, екінші тараптың бұл туралы бірінші тарапты келісім бұзылған күнге дейін он жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар ете отырып, Келісімді бұзуға құқығы бар.

#### 7. Даулы мәселелерді шешу

15. Ұлттық институт пен өтініш беруші Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктерді немесе дауларды тікелей келіссөздер процесінде шешуге барлық күш-жігерін жұмсауға тиіс.

16. Егер келіссөздер нәтижесінде ұлттық институт пен өтініш беруші дауды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені дауды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы сотының қарауына береді.

#### 8. Қорытынды ережелер

17. Осы Келісім Тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді және оған қол қойылған күннен бастап 2 (екі) жыл бойы қолданылады.

18. Осы Келісімге енгізілетін барлық өзгерістер мен толықтырулар оларды жазбаша түрде ресімдеген және кейіннен осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын барлық Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған кезде жарамды болады.

19. Деректемелер (заңды мекенжайлар, шот нөмірі) өзгерген жағдайда Тараптар бір-біріне дереу хабарлайды.

20. Егер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында өзгеше көзделмесе, Тараптар осы Келісімді басшылыққа алады.

21. Осы Келісім әрбір тарап үшін бір-бірден бірдей заңды күші бар екі данада жасалды.

#### 9. Тараптардың заңды мекенжайлары мен деректемелері

Ұлттық институт: "QazIndustry" Қазақстандық индустрия және экспорт орталығы" акционерлік қоғамы Мекенжайы: тел/факс: БСН ЖСК БСК _____ (бірінші басшының/немесе уәкілетті тұлғаның лауазымы)	Өтініш беруші _____ _____ _____ Мекенжайы: тел/факс: БСН / ЖСН ЖСК БСК _____ (бірінші басшының лауазымы) _____
-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

_____ (Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) Мөр орны (болған жағдайда)	_____ (Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) Мөр орны (болған жағдайда)
-----------------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------------------

Аббревиатурының транскрипциясы:

БСН - бизнес сәйкестендіру нөмірі;

ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;

ЖСК - жеке сәйкестендіру коды;

БСК - банктік сәйкестендіру коды.

Шығыстарды аванстау  
туралы келісімге қосымша

Нысан

**Алғашқы статистикалық деректерді таратуға келісу (Өтініш берушінің бланкісінде  
толтырылады)**

\_\_\_\_\_  
(Өтініш берушінің толық атауы)

өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру саласындағы уәкілетті органға  
(Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігіне) және ұлттық  
институтқа ("QazIndustry" Қазақстандық индустрия және экспорт орталығы"  
акционерлік қоғамына) мынадай нысандар бойынша алғашқы статистикалық  
деректерді ашуға келісім береді:

\_\_\_\_\_  
кезеңде:

\_\_\_\_\_  
көрсеткіштер

\_\_\_\_\_  
бойынша:

\_\_\_\_\_  
Өтініш берушінің басшысы

---

(қолы) (Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Мөр орны (болған жағдайда)

Бұйрыққа 2-қосымша

**Күші жойылған кейбір бұйрықтардың тізбесі**

1. "Еңбек өнімділігін арттыруға және аумақтық кластерлерді дамытуға бағытталған индустриялық-инновациялық қызмет субъектілеріне мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 9 желтоқсандағы № 1194 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12640 болып тіркелген).

2. "Еңбек өнімділігін арттыруға және аумақтық кластерлерді дамытуға бағытталған индустриялық-инновациялық қызмет субъектілеріне мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 9 желтоқсандағы № 1194 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 24 наурыздағы № 164 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15672 болып тіркелген).

3. "Еңбек өнімділігін арттыруға және аумақтық кластерлерді дамытуға бағытталған индустриялық-инновациялық қызмет субъектілеріне мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 9 желтоқсандағы № 1194 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 24 қазандағы № 727 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17698 болып тіркелген).

4. "Еңбек өнімділігін арттыруға және аумақтық кластерлерді дамытуға бағытталған индустриялық-инновациялық қызмет субъектілеріне мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 9 желтоқсандағы № 1194 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 10 маусымдағы № 380 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18853 болып тіркелген).

5. "Еңбек өнімділігін арттыруға және аумақтық кластерлерді дамытуға бағытталған индустриялық-инновациялық қызмет субъектілеріне мемлекеттік

қолдау шараларын ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 9 желтоқсандағы № 1194 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 12 маусымдағы № 348 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20876 болып тіркелген).

6. "Еңбек өнімділігін арттыруға және аумақтық кластерлерді дамытуға бағытталған индустриялық-инновациялық қызмет субъектілеріне мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 9 желтоқсандағы № 1194 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2021 жылғы 7 маусымдағы № 280 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22975 болып тіркелген).